

"Ауыл шаруашылығындағы істің жайы және "Қазақ КСР-інде ауылды, селоны және аграрлық-өнеркәсіптік кешенді басым дамыту туралы" Қазақ ССР Заңын іске асырудың барысы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің хабарламасы туралы" Қазақстан Республикасы жоғарғы кеңесінің 1993 жылғы 2 сәуірдегі N 2074-ХІІ қаулысын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 4 мамыр 1993 ж. N 358

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 2 сәуірдегі N 2074-ХІІ қаулысын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының басқа да мүдделі министрліктерімен, комитеттерімен, ведомстволарымен және облыстардың әкімдерімен бірлесе отырып:

"Қазақ КСР-інде ауылды, селоны және аграрлық-өнеркәсіптік кешенді басым дамыту туралы" Заңның ережелерін орындауды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы өндірісін тұрақтандыру жөнінде қосымша шаралар қабылдансын;

1993 жылғы 15 шілдеге дейін ауыл шаруашылығындағы және агроөнеркәсіптік кешеннің басқа да салаларындағы экономикалық реформа барысын қорытсын және қажет болған жағдайда нарықтық қатынастарды қалыптастыру процестерін құқылық реттеудің пәрменділігін арттыру мақсатында қазір қолданылып жүрген заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде оларды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына енгізу үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізісін;

Қазақстан Республикасының Сауда министрлігімен, Қазтұтынуодағымен бірлесе отырып, селолық тұрғындарды халық тұтынатын тауарларымен жабдықтауды жақсарту жөнінде шаралар қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1993 жылдың бюджетін белгілеу барысында:

- Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне энергия көздерінің, өнеркәсіп өнімінің қымбаттауына, селоға көрсетілетін қызмет тарифының өсуіне байланысты ауыл шаруашылық өнімдеріне қосымша жәрдем ақша бөлу жөнінде ұсыныс енгізісін;

- ірі мал шаруашылығы кешендерін, құс фабрикалары мен халықты кепілді жабдықтау үшін босатылатын құрама жем шығаруға байланысты шығындарды өтеу

үшін қаржы қарастырсын;

- контрактация шарттары бойынша тауар өндірушілерге дайындау ұйымдарының аванстар беруі арқылы мемлекеттік ресурсқа ауыл шаруашылығы өнімдерін беруді ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесіп осы мақсаттарға несие ресурстарын бөлу тәртібін анықтасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қазақстан Әлем Банкімен, республиканың агроөнеркәсіптік кешеніне енетін комитеттермен және ведомстволармен бірлесіп 1993 жылы республикалық валюта қорының қаржысы мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін, ұқсататын және сақтайтын жаңа технологиялар алуға, сондай-ақ өсімдіктер мен малдарды қорғайтын химиялық құралдарды сатып алуға тартылатын шет ел капиталын басым пайдалануды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі:

1993 жылы орталықтандырылған мемлекеттік қорлардан агроөнеркәсіп кешенінің заңды ұйымдары мен жеке адамдарынан осы қорларға келіп түскен салымдарының сомасынан кем емес мөлшерде агроөнеркәсіп кешеніне қаржы бөлсін;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қаржы министрлігімен және Мемстаткомымен бірлесіп, 1993 жылғы мамырдың 10-ына дейін тауар өндірушілерге өндірістің орташа салалық рентабельділік деңгейін кем дегенде 30 процент қамтамасыз ететін шартты баға бойынша мемлекеттік ресурсқа ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу тәртібі туралы Ережені әзірлеп, бекітсін;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Энергетика және отын ресурстары министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірлесіп, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді салынған объектілерді энергетика қуаттарына қосқаны үшін төлемнен босату туралы шешімді орындауды қамтамасыз етсін.

5. 1993 жылы барлық ауыл шаруашылығы товарларын өндірушілер, меншік нысанына қарамастан, тұтынуға жұмсалатын қаржыларды реттеу үшін бақылау жасаудан босатылсын.

6. "Қазастықөнімі" концерні 1993 жылғы қыркүйектің 1-іне дейін совхоздар мен колхоздардан сатып алған және республикадан тыс жерге өткізген 1992 жылғы өнімнің астығы үшін олармен есеп айырысуды аяқтасын.

7. "Қазмұнайөнімі" концерні, "Қазагроөнеркәсіптехникасы" республикалық бірлестігі үстіміздегі жылы колхоздарға, совхоздарға, басқа ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа қожалықтарына мұнай өнімдерін 1992 жылғы деңгейден кем емес көлемде беруді қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі коммерциялық банкілермен бірлесіп, Ұлттық банк 1993 жылы көктемгі егіс жұмыстарын өткізу үшін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге жеңілдік жағдайында 350 миллиард

сом мөлшерде бөлген несиелер ресурстарын бөлсін, Банкілердің несиелерін беру бұрын берілген қарыздар бойынша есеп айырысу күйіне қарамастан жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1993 жылға арналған бюджетке түзету енгізу барысында коммерциялық банкілердің жеңілдік несиелер беруге байланысты шығындарын өтеу үшін қаржы іздестірсін.

9. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы 2 сәуірдегі N 2074-ХІІ қаулысымен:

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер, меншік нысанына қарамастан, өздері өндірген өнімді, мемлекет қажеті үшін берілетін көлемнен басқа, өз қалауы бойынша дербес өткізеді деп белгілегені;

жергілікті өкілетті және атқарушы органдарға ауыл шаруашылығы өнімінің сатып алу бағасына шектеу орнатуға тыйым салғаны назарға алынсын және орындалсын.

Жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың, санитарлық және мал дәрігерлік қадағалау органдарынан басқа, өздері өндірген ауыл шаруашылығы өнімдерінің республика нарығында еркін өтуіне бөгет жасайтын шешімдері жарамсыз болып табылады және орындауға жатпайды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін республикадан тыс жерге өткізу Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіппен квоталар мен лицензиялар бойынша жүзеге асырылады;

халық депутаттарының жергілікті Кеңестеріне селолық жерлердегі әлеуметтік-мәдени мекемелерді жергілікті бюджеттердің есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етуді тапсырды.

10. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қаржы министрлігі, "Қазастықөнімі", "Қазмұнайөнімі" концерндері және облыстардың әкімдері осы қаулының орындалуы жайында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне 1993 жылғы тамыздың 1-іне қарай және 1994 жылғы ақпанның 1-іне қарай баяндасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі